

"Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 387 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 16 қарашадағы № 632 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қарашада № 30673 болып тіркелді

1. "Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 387 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11728 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және

табиғи ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау

және реформалар агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын реттеу

және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасының

Индустрия және

инфрақұрылымдық

даму министрінің

2022 жылғы 16 қарашадағы

№ 632 Бұйрыққа

қосымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің

2015 жылғы 31 наурыздағы

№ 387 бұйрығымен

бекітілген

Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі–Қағидалар) "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі–Заң) 5-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бастапқы энергетикалық ресурстар – осы энергия көздеріндегі энергия өзгертілуінен бұрын, ілеспе тау жыныстарынан оларды бөлуді, тазалауды немесе сұрыптауды ескере отырып немесе ескертусіз өндіруді және түзілуді ғана қажет ететін энергиялық ресурстар;

2) жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) энергия сыйымдылығы – ЖІӨ бірлігіне келетін отын-энергетикалық ресурстарын тұтыну деңгейін сипаттайтын жалпылама көрсеткіш;

3) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар;

4) қайталама энергетикалық ресурстар – бастапқы энергетикалық ресурстарын өзгерту нәтижесі болып табылатын энергетикалық ресурстар;

5) Мемлекеттік энергетикалық тізілімді жүргізу – ұлттық институт қызметі процесінде сақтайтын, Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру үшін қажетті барлық іс-қимылдар мен рәсімдер жиынтығы;

6) Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру – Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері ұсынған деректер, жүргізілген талдаулар, ұлттық институттың қорытындылары мен есептері негізінде Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері туралы ақпаратты жинақтау үшін материалдар дайындау;

7) Мемлекеттік энергетикалық тізілім (бұдан әрі – МЭТ) – Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері туралы ақпараттың жүйеленген жиынтығы;

8) Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері (бұдан әрі–МЭТ субъектілері) – энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның бір мың бес жүз және одан да көп тоннаға барабар көлемінде тұтынатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор және табиғи монополиялар субъектілері;

9) МЭТ субъектісінің энергетикалық ресурстарды жылдық тұтынуы – бұл Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері өндірген және басқа заңды және жеке тұлғаларға берілген қайталама энергетикалық ресурстарда қоспағанда, бұл барлық ілеспе техникалық болмай қоймайтын, оның ішінде қолданылатын технологиялар мен

жабдықтардың ерекшелігінен туындайтын шығындарды, сондай-ақ энергетикалық ресурстарды тасымалдау қызметін көрсеткен кезде туындайтын шығындарды қоса алғанда, күнтізбелік жыл ішінде технологиялық және энергетикалық мақсаттарда, МЭТ субъектілерінің бастапқы және қайталама энергетикалық ресурстарды жалпы шығындауы;

10) шартты отын – техникалық-экономикалық есептеулер кезінде қабылданған, органикалық отынның алуан түрлерінің жылу құндылығын салыстыру үшін қызмет ететін, нормативтер мен стандарттарда регламенттелетін бірлік;

11) экспресс-энергия аудиті – қысқартылған бағдарлама бойынша және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы менеджмент жүйесі шеңберінде жүзеге асырылатын энергетикалық талдаудың және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі алдыңғы қорытындының нәтижелерін растау мақсатында жүргізілетін энергия аудиті;

12) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты (бұдан әрі – ұлттық даму институты) – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға;

13) энергетикалық аудит (бұдан әрі – энергия аудиті) – энергия үнемдеудің мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау мен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыны дайындау мақсатында энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы деректерді жинау, өңдеу және талдау;

14) энергетикалық ресурстар – запастағы энергиясы қазіргі уақытта шаруашылық және өзге де қызмет түрлеріне пайдаланылатын немесе перспективада пайдаланылуы мүмкін табиғи және өндірілген энергия көздерінің жиынтығы, сондай-ақ энергия түрлері (атом, электр, химия, электрлі-магнитті, жылу және энергияның басқа түрлері);

15) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

16) энергия-сервистік компания – меншікті және (немесе) тартылған қаражат есебінен энергия-сервистік шарт шеңберінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді), оның ішінде мердігер ұйымдарды тарта отырып орындайтын заңды тұлға.

2-тарау. Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібі

3. МЭТ-ті қалыптастыру үшін жыл сайын 10 қарашаға дейінгі мерзімде:

1) Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, сондай-ақ жарғылық капиталына Мемлекеттік қатысатын заңды

тұлғалардың тізілімнен мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілердің, олардың атауын, бизнес сәйкестендіру нөмірін және заңды мекенжайын көрсете отырып тізбені ұлттық институтқа жібереді.

2) табиғи монополиялардың тиісті салаларындағы уәкілетті орган Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізілімнен реттелетін қызметтерді, олардың атауын, бизнес-сәйкестендіру нөмірін және заңды мекенжайын көрсете отырып, табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесін ұлттық институтқа жібереді.

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ұлттық институтқа энергетикалық ресурстарды жылына мың бес жүз және одан да көп тонна шартты отынға барабар көлемде тұтынатын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар туралы ақпарат жібереді.

4. Ұлттық институты:

1) осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес ұсынылған ақпараттың негізінде МЭТ субъектілерінің тізбесін 10 жұмыс күні ішінде қалыптастырады және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

2) МЭТ субъектілеріне Тізбеге енгізілген күнінен бастап 15 жұмыс күн ішінде Тізбеге енгізілгені туралы хабарламаны жібереді;

3) Тізбеге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

5. Мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, МЭТ субъектілері жыл сайын 1 сәуірге дейінгі мерзімде ұлттық институтқа есепті кезең ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша ақпаратты ұсынады.

Жылына бір мың бес жүз тоннадан аз шартты отынға барабар көлемде энергетикалық ресурстарды тұтынатын МЭТ субъектілері Заңның 9-бабы 1-тармағының 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты болған кезде ұсынады.

6. Мемлекеттік мекемелер болып табылатын МЭТ субъектілері жыл сайын 1 сәуірге дейінгі мерзімде ұлттық институтқа есепті кезеңге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша ақпаратты ұсынады.

Меншік құқығында жылжымайтын мүлкі жоқ мемлекеттік мекемелер көрсетілген ақпаратты беруден босатылады.

7. Осы Қағидалардың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген ақпарат қағаз немесе электрондық жеткізгіште ұсынылады.

8. Ұлттық институты жыл сайын 10 сәуірге дейінгі мерзімде уәкілетті органға ақпаратты ұсынудан бас тартқан МЭТ субъектілері туралы ақпаратты береді.

9. Ұлттық институты 1 маусымға дейінгі мерзімде МЭТ субъектілері ұсынған ақпараттың толықтығын және анық екенін тексереді.

Ұсынылған ақпараттың толық емес және (немесе) анық емес екендігі анықталған жағдайда, ұлттық институты осы Қағидалардың 9-тармағында белгіленген мерзімде МЭТ субъектілерінен, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы

қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардан, сондай-ақ энергия-сервистік компаниялардан жетіспейтін және (немесе) анық ақпаратты сұратады.

МЭТ субъектісі жетіспейтін және (немесе) дәйекті ақпаратты ұлттық институтынан сұрау салуды алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

10. Ұлттық институт жыл сайын 1 маусымға дейінгі мерзімде уәкілетті органға толық емес және (немесе) анық емес ақпарат беретін МЭТ субъектілері туралы ақпаратты, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша қорытындысы және (немесе) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жоқ энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның мың бес жүз және одан да көп тоннасына барабар көлемде тұтынатын МЭТ субъектілері туралы ақпаратты береді.

11. Ұлттық институт жыл сайын 1 қазанға дейінгі мерзімде:

1) энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның мың бес жүз және одан да көп тоннасына барабар көлемде тұтынатын МЭТ субъектілерінің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларының тиімділігіне бағалау мен талдау жүргізеді, сондай-ақ уәкілетті органға жиынтық ақпарат береді;

2) МЭТ субъектілері жүзеге асыратын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша іске асырылған іс-шаралардың тиімділігіне бағалау мен талдау жүргізеді, сондай-ақ уәкілетті органға жиынтық ақпарат береді;

12. Ұлттық институт жыл сайын 1 қарашаға дейінгі мерзімде уәкілетті органға ақпарат жиынтығын ұсынады:

1) МЭТ субъектілерінің энергетикалық ресурстарын тұтынуының талдауы;

2) МЭТ субъектілерінің энергетикалық ресурстарын тұтынуды өткен жылмен салыстырмалы талдау.

Ұлттық институт МЭТ субъектісінің энергетикалық ресурстарын жылдық тұтынуын талдаған кезде осы Қағидаларға 3 және 4 қосымшаларға сәйкес энергетикалық ресурстарды шартты отынға ауыстыру коэффициенттерін және энергетикалық ресурстарды Гигаджоульге ауыстыру коэффициенттерін пайдаланады;

3) ЖІӨ энергия сыйымдылығы және Қазақстан Республикасында энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігі бойынша талдамалық зерттеу;

4) МЭТ субъектілерінің үлестік шығыстар және энергияны пайдалану нормативтері бойынша талдау;

5) энергетикалық ресурстарды, суды тұтыну көлемінің өнім бірлігіне, Ғимараттардың, құрылыстар мен құрылысжайлардың алаңына энергия аудиті немесе экспресс-энергия аудиті қорытындылары бойынша айқындалған шамаға дейін жыл сайын төмендеуін қамтамасыз етпеген МЭТ субъектілерінің тізімі.

Мемлекеттік энергетикалық
тізілімді калыптастыру және
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

1-нысан

Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің атауы, сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы және қызметінің негізгі түрлері туралы ақпарат

p/c №	Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісінің толық атауы	З а ң д ы мекенжайы, телефоны, пошталық мекенжайы	Ж е к е сәйкестендіру нөмірі/ Бизнес-сәйкестендіру нөмірін	Квазимемлекеттік сектор мекемесі (Иә/Жок)	Негізгі қызмет түрлері*
	1	2	3	4	5
1					

* Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісінің барлық түрлерін экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеушіне сәйкес көрсету керек.

Мөр орны (жеке кәсіпкерлерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) толық жазу, лауазымы, телефоны және жауапты адамның қолы:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) толық жазу және Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі басшысының қолы:

2-нысан

_____ күнтізбелік жыл үшін заттай және ақпалай мәндегі энергетикалық ресурстар мен суды өндіру, шығару, тұтыну, беру және ысырабының көлемдері туралы ақпарат 20 ____ жылғы есепті кезең

Нысан Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурста орналастырылған.

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 1-тармағына сәйкес ақпаратты белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 292-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

Индекс: 2 – ӨШТБК *

Кезеңділігі – жыл сайын

Ұсыну мерзімі: 1 сәуірге дейін

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның бір мың бес жүз және одан да көп тоннасына барабар көлемде тұтынатын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор және табиғи монополиялар субъектілері.

Нысан Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институтына ұсынылады.

* ӨШТБК - өндіру, шығару, тұтыну, беру көлемі.

1-бөлім. Энергетикалық ресурстарды өндіру, шығару, тұтыну, беру және жоғалту көлемдері туралы ақпаратты көрсетіңіз

№	Энергетикалық ресурстардың атауы	Өлшем бірлігі	Өндірілген отын-энергетикалық ресурстардың көлемі	Меншіктен емес көздерден алынған энергетикалық ресурстардың тұтыну	Оның ішінде	Меншікті көздерден алынған энергетикалық ресурстарын тұтыну	(Басқа заңды тұлғаларға және жеке тұлғаларға берілген (іске асырылған) энергетикалық ресурстар	Энергетикалық ресурстарын сатып алуға жұмсалған шығындар, мың. теңге (ҚҚС есебімен)	Ескертпе
					Отын-энергетика ресурсын тасымалдау кезіндегі ысырап				
	1	2	3	4а	4б	5	6	7	8
1	Электр энергиясы	кВт*сағ							
2	Жылу энергиясы	Гкал							
3	Сүрек	т							
4	Мотор бензині	л							
5	Керосин	л							
6	Дизель отыны (Газойлдер)	л							
7	Жағатын мазут	т							
8	Тұрмыстық отын пеші	т							
9	Табиғи газ	м ³							
10	Тас көмір	т							
	Сұйытылған газ (								

[illegible]

22	Бензиннен ажыратылған газ	м ³							
23	Мұнай коксы және тақтатас	т							
24	Мұнай битумы және тақтатас	т							
25	Доменді газ	м ³							
26	Коксты газ	м ³							
27	Мұнай өңдеу зауыттарында айыру арқылы алынған газ	м ³							
28	Антрацит	т							
29	Қоңыр көмірден (лигниттен) жасалған брикеттер, түйіршіктер	т							
30	Кокстейтін тас көмір	т							
31	Жылу шығару қабілеті 23,865 МДж/кг-нан асатын, бірақ жылыту үшін қолданылатын бу шығару	т							

	үшін ылғал негіздегі энергети калық тас көмір								
32	Көмір концентр аты	т							
33	Күлділігі жоғары энергети калық тас көмір	т							
34	Тас көмір шайыры	т							
35	Керосин түріндегі реактивті отын	л							
36	Уайт-спи рит	л							
37	Майлау материал дары	л							
38	Агломера цияланға нды қоса алғанда, ағаш көмірі	т							
39	Ферроко рытпы газ	м ³							

2-бөлім. Тұтынылатын су мен ысырап мөлшерін көрсетіңіз

Р/с №	Түрі	Өлшем бірлігі	Суды тұтыну	Тасымалдау кезіндегі судың ысырабы
	1	2	3	4
1	Суық су	текше метр теңге (қосымша құн салығын ескере отырып)		
2	Ыстық су	текше метр теңге (қосымша құн салығын ескере отырып)		
		текше метр		

3	Техникалық су	теңге (қосымша құн салығын ескере отырып)		
---	---------------	---	--	--

Жауапты адам _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы
Басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлерлiк субъектiлерi болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсiндiрме _____ күнтiзбелiк жыл үшiн заттай және ақшалай мәндегi энергетикалық ресурстар мен суды өндiру, шығару, тұтыну, беру және ысырабының көлемдерi туралы ақпарат (2-индекс – ӨШТБК*, кезеңдiлiгi жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсiндiрме (бұдан әрi – Түсiндiрме) "_____ күнтiзбелiк жыл үшiн заттай және ақшалай мәндегi энергетикалық ресурстар мен суды өндiру, шығару, тұтыну, беру және ысырабының көлемдерi туралы ақпарат" әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған нысанды (бұдан әрi – нысан) толтыру бойынша бiрыңғай тәртiптi айқындайды.

2. Нысан "Энергия үнемдеу және энергия тиiмдiлiгiн арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзiрлендi.

3. Толтырылған нысан Мемлекеттiк энергетикалық тiзiлiм субъектiлерi жыл сайын есептi кезеңнiң соңындағы жағдай бойынша мерзiмде қағаз немесе электрондық жеткiзгiште (PDF және Excel) ұсынады. Нысандағы деректер өлшем бiрлiктерiнде толтырылады.

4. Нысанға бiрiншi басшы немесе есепке қол қоюға уәкiлеттi адамдар және жауапты адам қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсiндiрме

1. 1-бөлiмде мынадай деректердi көрсетiңiз:

1) "3" бағанада өндiрiлген және шығарылған энергетикалық ресурстардың санын көрсетiңiз;

2) "4а" бағанада меншiктi емес көздерден алынған, тұтынылған энергетикалық ресурстарының санын көрсетiңiз;

3) "4б" бағанада отын-энергетика ресурстарын тасымалдау кезiнде ысырап болған энергетикалық ресурстардың санын көрсетiңiз;

4) егер Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі басқа заңды тұлғаларға энергетикалық ресурстарын тасымалдау жөнінде қызметтер көрсетсе, онда "4б" бағанада сондай-ақ осы тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету кезінде туындайтын энергетикалық ресурстарының бүкіл ысырабы көрсетіледі ("4б" бағананың мәні "4а" бағананың құрамдас бөлігі болып табылады);

5) мұнай, газ және көмір өндіруші зауыттарға қайта өндеуге арналған шикізат ретінде келіп түсетін энергетикалық ресурстарының бөлігі (үлесі) "4а", "4б" және "5" бағаналарда көрсетілмейді;

6) "5" бағанада құрамында жаңартылатын энергетикалық көздерінен электр энергиясын генерациялайтын қондырғылары бар кәсіпорындар толтырады;

7) "6" бағанада басқа заңды және жеке тұлғаларға берілген энергетикалық ресурстарының санын көрсетіңіз. Бұл жағдайда, энергетикалық ресурстарда жаңартылған энергия көздерін қоспағанда, МЭТ субъектілерінің өзі жүргізген электр және жылу энергиясы көзделеді;

8) "7" бағанада энергетикалық ресурстарын сатып алу шығындары жүзеге асырылған ақша қаражатының шығыстары санын көрсетіңіз, мың теңгемен;

9) бір энергетикалық ресурсының бірнеше түрі қолданылатын жағдайда, "8" бағанада, сондай-ақ санын көрсету қажет. Гидро-электр станциясы - егер Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісінің құрамында болатын болса, аталған ұяшықта гидро-электр станциясының өз мұқтажына тұтынылған электр энергиясы көрсетеледі;

10) "8" бағанада моторлы бензин, дизель отыны тұтынылған жағдайда, маркасын көрсетіңіз;

11) "8" бағанада тас көмірі, лигниті тұтынылған жағдайда кен орнын көрсетіңіз;

12) егер Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі шламды тұтынған жағдайда, осы ресурсты "Тұрмыстық пеш отыны" жолында толтыру қажет;

13) егер сұйытылған газды (пропан және бутан) есепке алу литрмен жүргізілген жағдайда, шартты отынның тоннасына ауыстыру коэффициенті 0,000528;

14) егер Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі уайт-спирит және (немесе) майлау материалдарын тұтынатын болса, онда энергия алу үшін жұмсалатын энергетикалық ресурстардың бөлігі (үлесі) көрсетіледі;

15) "3", "4", "5", "6" бағаналардағы ақпарат заттай шамада толтырыңыз;

16) "7" бағанада ақшалай мәнде толтыру қажет, өлшем шамасы – теңге.

2. 2-бөлімде мынадай деректерді көрсетіңіз:

1) суды есепке алу аспаптары болмаған жағдайда тиісті бағанда "есепке алу жүргізілмейді" деп жазылады;

2) "3" бағанада заттай мәндегі тұтынылған су көлемі және ақшалай мәндегі баламасы көрсетіледі;

3) "4" бағанада су тасымалдауды жүзеге асыратын компаниялар ғана толтырады.

* ӨШТБК—өндіру, шығару, тұтыну, беру көлемі.

Энергия аудитінің немесе экспересс-энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері әзірлейтін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу нәтижелері туралы ақпарат 20__ жылғы есепті кезең

Нысан Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің интернет-ресурста орналастырылған.

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 1-тармағына сәйкес ақпаратты белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 292-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

Индекс: 3 – ЭҮШ *

Кезеңділігі – жыл сайын

Ұсыну мерзімі: 1 сәуірге дейін

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның бір мың бес жүз және одан да көп тоннаға барабар көлемінде тұтынатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор және табиғи монополиялар субъектілері.

Нысан Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институтына ұсынылады.

* ЭҮШ - энергия үнемдеу іс-шаралары

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды көрсетіңіз

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша қорытындысы болған жағдайда				ия иә жоқ	Энергия менеджменті жүйесі енгізілген жағдайда		ия иә жоқ	Ескертпе
Р/с №	Іс-шараның атауы	Іске асыру мерзімі		Есепті кезең ішіндегі нақты инвестициялар (қосымша құн салығын ескере отырып), мың.теңге	Есепті кезеңдегі іс–шараларды жүзеге асырудан алынатын үнемдеудің нақты тиімділігі			
		Айы	жыл		Энергетикалық ресурстың атауы	Заттай мәндегі	Ақшалай мәнде (қосымша құн салығын ескере отырып), мың. теңге	
	1	2		3	4	5	6	
1								
2								

Жауапты адам _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлiк субъектiлерi болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсiндiрме Энергия аудитiнiң қорытындысы бойынша Мемлекеттiк энергетикалық тiзiлiм субъектiлерi әзiрлейтiн энергия үнемдеу және энергия тиiмдiлiгiн арттыру жөнiндегi iс-шаралар жоспарының орындалу нәтижелерi туралы ақпарат (3-индекс–ЭҮШ *, кезеңдiлiгi жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсiндiрме (бұдан әрi – Түсiндiрме) "Энергия аудитiнiң немесе экспресс–энергия аудитiнiң қорытындысы бойынша Мемлекеттiк энергетикалық тiзiлiм субъектiлерi әзiрлейтiн энергия үнемдеу және энергия тиiмдiлiгiн арттыру жөнiндегi iс-шаралар жоспарының орындалу нәтижелерi туралы ақпарат" әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған нысанды (бұдан әрi – нысан) толтыру бойынша бiрыңғай тәрiптi айқындайды.

2. Нысан "Энергия үнемдеу және энергия тиiмдiлiгiн арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзiрлендi.

3. Толтырылған нысан Мемлекеттiк энергетикалық тiзiлiм субъектiлерi жыл сайын есептi кезеңнiң соңындағы жағдай бойынша мерзiмде қағаз немесе электрондық жеткiзгiште (PDF және Excel) ұсынады. Нысандағы деректер өлшем бiрлiктерiнде толтырылады.

4. Нысанға бiрiншi басшы немесе есепке қол қоюға уәкiлеттi адамдар және жауапты адам қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсiндiрме

1. Энергия үнемдеу және энергия тиiмдiлiгiн арттыру бойынша қорытындысы болмаған жағдайда, бағанда тиiстi белгi болған кезде нысан толтырылмайды;

2. энергия үнемдеу және энергия тиiмдiлiгiн арттыру бойынша қорытындысы болған жағдайда, оның көшiрмесiн нысанға қоса беру қажет. (егер бұрын ұсынылмаса);

3. энергия аудитiнiң немесе экспресс–энергия аудитiнiң қорытындысы бойынша әзiрленген iс–шаралардың бекiтiлген жоспары болған жағдайда, сондай-ақ осы iс-шаралар жоспарына енгiзiлетiн толықтырулар және (немесе) өзгерiстердiң көшiрмесiн нысанға қоса беру қажет;

4. ISO 50001 халықаралық стандартына сәйкестік сертификаты болған жағдайда, оның көшірмесін нысанға қоса беру қажет;

5. "1" бағанада энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мақсатында өткізілген іс-шараның атауын көрсетіңіз;

6. "2" бағанада іс-шараны енгізген айды және жылды көрсетіңіз;

7. "3" бағанада қосылған құн салығын есепке ала отырып, қаржыландыру көзін және іс-шараларды іске асыруға арналған нақты инвестицияларды мың теңгемен көрсетіңіз;

8. "4" бағанада іс-шараны енгізуден үнемделген энергетикалық ресурстың атауын көрсетіңіз;

9. "5" бағанада іс-шараны енгізуден үнемделген энергетикалық ресурстардың санын заттай мәнде көрсетіңіз;

10. "6" бағанада мың теңгемен ақша қаражатының нақты үнемделуін көрсетіңіз;

11. қажет болған жағдайда жолдар қосылсын.

* ЭҮШ–энергия үнемдеу бойынша іс-шаралары.

4-нысан

_____ күнтізбелік жыл үшін өнім бірлігіне шаққанда нақты энергияны тұтыну және (немесе) ғимараттар, құрылыстар, құрылысжайлар ауданының бірлігіне шаққанда жылытуға жұмсалған энергетикалық ресурстардың шығысы туралы ақпарат 20____жылғы есепті кезең

Нысан Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің интернет-ресурста орналастырылған.

